



D. Serikbayev

**EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY**

Саясат


ТДМ №10

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ



МАЗМҰНЫ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1.1 Контекст және мақсаты	3
2 САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	3
3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	6
4 ҚОРЫТЫНДЫ	6



1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Контекст және мақсаты



БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаты №10 (ТДМ 10) «Теңсіздікті азайту» барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктерге қол жеткізуді, әлеуметтік және экономикалық айырмашылықтарды қысқартуды, сондай-ақ осал топтардың құқықтарын қорғауды көздейді. Университеттер үшін бұл мақсат – кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыруды, инклюзивті тәсілді дамытуды және студенттерді олардың жеке ерекшеліктеріне қарамастан қолдауды білдіреді.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ (бұдан әрі – Университет) ТДМ 10 мақсатын өз саясатының басым бағыты ретінде қарастырады. Теңдік пен инклюзия саласында қабылданған шаралар, соның ішінде Теңдік және инклюзия саясаты мен Кемсітушілік пен құдалауға қарсы саясат, жүйелі тәсілдің берік негізін құрайды.

Осы Саясат Университеттің ТДМ 10 мақсатына жетудегі негізгі қызмет бағыттарын айқындайды және әділ, қолжетімді әрі қауіпсіз орта қалыптастырудағы білім беру процесінің барлық қатысушыларының жауапкершілігін белгілейді.

2 САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Инклюзивті білім беру
Кедергісіз ортаны қалыптастыру және дамыту

Әлеуметтік қолдау және тең мүмкіндіктерді
қамтамасыз ету
Кемсітушілік пен құдалауға қарсы іс-қимыл

Ақпараттық-ағартушылық жұмыс және өзара
құрмет мәдениетін қалыптастыру

1) Инклюзивті білім беру

- Инклюзивті орталықтың қызметі – студенттерге психологиялық-педагогикалық, кеңестік және әдістемелік көмек көрсету.

- Оқу бағдарламаларына бейімделген білім беру технологияларын енгізу: силабустарда бекіту, арнайы техникалық құралдарды пайдалану, оқытушылардың біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысуы.

- енсаулық мүмкіндіктері шектеулі студенттер үшін академиялық ұтқырлық пен білім беру траекторияларын өтуге тең жағдай жасау.

2) Кедергісіз ортаны қалыптастыру және дамыту

- Кампустың физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету: арнайы жабдықталған санитарлық тораптар, пандустар, бейімделген автотұрақ орындары.

- Инфрақұрылым мен білім беру ресурстарының цифрлық қолжетімділігін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу.



3) Әлеуметтік қолдау және тең мүмкіндіктер

- Әлеуметтік осал санаттағы студенттерге (аз қамтылған отбасылар, жетімдер, мүгедектігі бар тұлғалар, жас аналар және т.б.) жеңілдіктер, жеңілдікпен төлем және материалдық көмек көрсету.

- Студенттерді жатақханамен жеңілдік негізінде қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу мен отбасылық міндеттерді үйлестіруге жағдай жасау (бала күтіміне арналған бөлмелер, балалардың уақытша болуына арналған орындар).

○ Стипендияларға, конкурстарға, тәжірибелерге және жұмыспен қамтылуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

4) Кемсітушілік пен қудалауға қарсы іс-қимыл

- Кемсітушілік пен қудалауға қарсы ішкі саясатты қолдану.
- Анонимді және құпия түрде өтініш қабылдау арналарының жұмыс істеуі: сенім телефондары, психологиялық қызмет, жедел байланыс нөмірлері.
- Буллингтің, кемсітушіліктің және виктимизацияның алдын алу бойынша ағартушылық іс-шаралар мен тренингтерді тұрақты өткізу.
- Өтініштерге жедел әрекет ету, өтініш берушілердің қорғалуын және қайталама виктимизацияға жол бермеуді қамтамасыз ету.



5) Ақпараттық-ағартушылық қызмет және құрмет мәдениетін қалыптастыру


- Теңдік пен әлеуметтік әділдік құндылықтарын нығайтуға бағытталған акциялар, кампаниялар және тренингтер өткізу.
- Адам құқықтары мен тұрақты даму саласындағы республикалық және халықаралық жобаларға қатысу.
- Іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында және Университеттің ресми сайтында жариялау арқылы студенттер мен қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және оң қоғамдық пікір қалыптастыру.



3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Университеттің халықаралық беделін арттыру – тұрақты даму рейтингтеріндегі, соның ішінде THE Impact Rankings бойынша ТДМ 10 «Теңсіздікті азайту» бағыты аясындағы теңсіздікті қысқартуға бағытталған жүйелі шараларды енгізу арқылы жүзеге асырылады.



Инклюзивті университеттік ортаны қалыптастыру – әрбір студент пен қызметкердің тең құқықтарын, білім беру ресурстарына, әлеуметтік қолдауға және қауіпсіз оқу жағдайларына қолжетімділігін қамтамасыз ету.



Әлеуметтік және білім беру теңсіздігін азайту – кедергісіз инфрақұрылымды дамыту, осал топтарды қолдау және кемсітушілік пен қудалаудың алдын алу жүйесін тиімді жетілдіру арқылы іске асырылады.

4 ҚОРЫТЫНДЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-нің ТДМ 10 іске асыру жөніндегі Саясаты Университеттің теңдік, қолжетімділік және әлеуметтік әділдік қағидаттарына берілгендігін бекітеді. Бұл Саясаттың негізінде инклюзивті білім беруді дамыту, әлеуметтік осал санаттағы студенттерді қолдау, кедергісіз орта құру және кемсітушіліктің алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстар жатыр.

Аталған Саясатты жүзеге асыру Университетке әрбір студент пен қызметкердің жеке және кәсіби дамуына мүмкіндік беретін әділ білім беру кеңістігін қалыптастыруды жалғастыруға жол ашады. Университет нәтижелерді тұрақты түрде бақылап, тәжірибелерін жетілдіріп отырады, осылайша ТДМ 10 қол жеткізуге арналған өз үлесін ұлттық және халықаралық деңгейде нығайтады.